

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

more peaceful, naturally stable principles of nomadic civilization. In this regard, we can say that in terms of content, it largely determined its era, in the depths of which it was formed, and outgrew its framework.

Literature

1. Mazhitova Zh.S. Institute of biys: approaches and interpretations in Russian and Kazakh historiography. - Monograph. M.: "KDU", "University book", 2015. - 352 p.
2. Pakhman S.V. Customary civil law in Russia. - B.M., 1879.
3. Tynyshpaev M. History of the Kazakh people, Almaty, Rauan publishing house, 1993.- 224 p.
4. Abil Y. History of the state and law of Kazakhstan. - 2005., Karaganda. 3rd ed. - 258 p.
5. Daniyarova A.E., Ogoltsova E.G., Nurligenov Z.N. Materials on the history of Kazakhstan from ancient times to the beginning of the XX century. - 2009., Karaganda -120 p.
6. Valikhanov Ch. Court biys and ancient folk form. - Notes of the Russian Geographical Society. Department of ethnography. T. 29. St. Petersburg. 1904, p. 164.

ӘОЖ 94 (574)

ДИНАРАЛЫҚ СҰХБАТТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМГЕ ЫҚПАЛЫ

Абдраймов Ерлан Әзімбекұлы

erla-n@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Тарих» мамандығының докторанты

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., профессор Т.С. Садықов

Қазіргі таңда дінді және дінаралық қатынастарды ғылыми-зерттеу объектісіне айналдырған зерттеуші-ғалымдар көптеп саналады. Кейбір ғалымдар дінді қоғамға зиян келтіруші деп санаса, енді біреулері діннің адам өміріндегі рөлін қарастырып, оның әлемдегі әлеуметтік құбылыс ретінде санайды. Бұл мәселелерді зерттегенде біржақты болмауға тиіс. Өйткені, әрбір дінде өз ілімі, қасиетті кітаптары, тарихы, өзіндік дәстүрі, рәсімдері бар. Қазіргі жаһандану заманында оларды зерттеп-зерделеуге, жүйелеуге, салыстыруға мүмкіндіктер көп. Әсіресе, дін түрлі халықтардың тарихына, олардың мінез-құлықтарына және мемлекеттік тағдырларына ықпал еткенін зерттеу өте қызықты болып табылады. Дінді осы қырынан тану тарихшыларға, археологтарға, этнографтарға, саясаткерлерге, психологтарға, әлеуметтанушыларға т.б. ұнайды.

Қазақстан әлемдегі жедел даму үстіндегі елдердің бірі болып табылады. Осының кепілі - біздің еліміздегі негізгі конфессиялар руханилықты, ұжымдастықты, отансүйгіштікті қалыптастыруға және халықты Отанды қорғау ісіне жұмылдыруға әрқашанда ат салысып, мемлекетке қолдау көрсету ұстанымынан айныған емес. Еліміздегі дәстүрлі діндердің өкілдері татулық, әділеттілік, мейірім, бауырмалдық, қоғамға пайдалы істерді жасауға ұмтылыс, салауатты өмір сүру, отбасылық бақыт сияқты моральдік құндылықтарды баса айтып, дәріптеуде.

Гуманитарлық ғылымдар саласында қоғамдағы үдерістерді әр қилы қарастыру орын алған. Қандай да бір мемлекеттегі қоғамдық келісім немесе дінаралық сұхбат мәселесінде «конфликтология» [1] саласы айналысады. Ғалымдар қоғамдағы орын алатын қақтығыстардың ішінде дінаралық қақтығыс мәселесі қоғамдық келісімге бірден бір әсер етуші фактор ретінде қарастырады.

Бүгінгі таңда экстремизмді анархистер, анти-глобалистер, діни фундаменталистер, ұлтшылдар тарапынан сипатталады, олар қоғамға қарсы және тіпті қоғамға қауіпті мінез-құлықты көрсетуде. Экстремистік бағыттағы қылмыстар үлкен қоғамдық резонанс тудырады, бұл әлемдік қоғамдастықтың тиісті реакциясын тудырады [2].

Дінаралық және этносаралық татулықты дамыту қазіргі қазақстандық қоғам тұрақтылығының басты факторларының бірі болып қана қоймай, мемлекеттік ұлттық

қауіпсіздіктің негізгі бөлігі болып табылады. Біздің қоғамның дамуы – еліміздің кез келген азаматының көзқарастары мен нанымдарына төзімділік және құрметпен қарауға негізделген. Осылайша Қазақстан хошкөрушілік пен дінаралық татулықтың өзіндік қайталанбас үлгісін қабылдаған [3].

Бүгінде «конфессия» сөзі мағынасы бойынша «дін», «наным-сенім» мағынасында қолданылады. Елімізде қоғамның рухани дамытушылықты жүргізіп отырған діндерді конфессия деп айту қалыптасқан. Мемлекет бірлігі мен тұтастығына тікелей әсер ететін ұлтаралық және конфессияаралық келісімді сақталуы екендігі мәлім. Қазақстан Республикасын мекен ететін барлық халықтардың сана-сезімін көтеруге, қазақстандық отансүйгіштік сезімін дамытуға бағытталған бірегей мемлекеттік идеология осы мақсаттан туады.

XXI ғасырдың басынан жалғасын тауып келе жатқан Дүниежүзілік және дәстүрлі дін басшыларының съездері Қазақстан үшін ғана емес, әлемдік маңызы бар іс-шара санатына жатады.

Әлемдік және дәстүрлі діндердің басшыларының кездесулерінде еліміздегі конфессияаралық келісім мен диалогтың маңыздылығы ерекше аталып өтілді. Әлемдік және дәстүрлі діндердің басшыларының кездесуінде конфессияаралық келісім мен диалогтың негізгі принциптері айқындалады. Олар: толеранттылық, өзара құрметтеу мен түсінісу, ұлтаралық келісім мен діни төзімділік. Бұл қағидалар Қазақстандағы конфессияаралық қатынастардың да негізін құрайды.

Қазақстандағы қалыптасқан көпконфессиялық жағдайдың ушығып кетпеуі мақсатында дінаралық сұхбаттың орны мен рөлі жайлы кеңінен ғылыми орталарда, халыққа кеңінен жеткізіліуі тиіс. Өз кезегінде дін:

Дін әрқашанда біздің халқымыздың және барша адамзаттың әлеуметтік-рухани санасы үшін үлкен рөл ойнады. Сондықтан дінді білмей өз тарихымыз жайлы толық хабардар бола алмаймыз. Мысалы, Шығыс халықтарының тарихы Еуропадан ерекше болғаны бәрімізге белгілі. Сондықтан тарихқа жаңа көзқараспен қарауға байланысты көптеген кезеңдер өзгеше мәнге ие болады:

Қазіргі кезеңдік мәселелер мен қайшылықтық ахуалдар біздің көршілес елдеріміз бен әлемде діни ілімдерге байланысты болып отыр. Сондықтан діндер ерекшеліктерін білу діни ахуалға немқұрайлы қарамауға және оған сақтықпен қарауға үйретеді.

Дін - адамның діни және рухани негіздерін дамытудың күшті факторы болып табылады. Діннің негізгі мақсаты адамдағы барлық адамгершілік қасиеттерді сақтау және оларды дамыту, адамның өзінің «бет-бейнесін» сақтап қалуына көмектесу болып табылады. Қазіргі әлемнің, оның ішінде қазіргі Қазақстанның міндеті жалпы адамзаттық, гуманистік және толеранттылық құндылықтарды, конфессияаралық келісім, диалогты ғасырлар бойы әлемдік және дәстүрлі діндердің енгізген принциптері мен қағидаларын қазіргі жалпы әлемдік, адамзаттық өркениеттегі бейбітшілікті сақтап қалу үшін, сан алуан этностары мен конфессиялардан тұратын көптеген мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі үшін белсенді пайдалануға саяды.

Қоғам тарихында сенім әрқашан маңызды рөл атқарады. Өзінің антиклерикалдық позициясымен танымал ХҮІІІ ғасырдың шотланд философы Дэвид Юм діннің феноменін утилитарлы көзқарас тұрғысынан қарастыра отырып «Діні жоқ халықты іздеп көріңіз, егер сіз ондай халықты тапқанның өзінде, оның жануарлардан бірнеше саты ғана жоғары тұратындығына сенімді болыңыз» деген сөзі діннің маңызын жоғарылатады.

Дінаралық сұхбаттың тиімді әрі жемісті жүруін қамтамасыз етіп отырған бірден бір ұйым Қазақстан халқы Ассамблеясы болып табылады. Құрылғанынан бергі уақытта Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі 130-дан астам ұлттар мен этникалық топтардың бірлігі мен келісімін бекіте түскен маңызды құрылымға айналды. Қазақстан халқы Ассамблеясы этномәдени орталықтарды, аймақтық кіші Ассамблеяларын біріктіруімен ұлттық саясаттың жүргізілуінде, қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Бүгінде ол қоғамды біріктіруші белсенді күш болып табылады, ұлттық саясаттың өзекті міндеттерін

шешуге атсалысады. Саяси оқиғаларды бағалау, саяси жағдайды болжау негізінде халық бірлігін нығайту мен қоғамдық келісімнің сақталуын қамтамасыз ететін іс жүзіндегі нұсқаулар береді.

Түрлі діндер арасында ежелден-ақ бір-бірінен аса көп алшақтығы болмаған. Әлемнің көп елдерінде түрлі дін өкілдері иық тіресіп өмір сүріп жатыр. Біз оларды тарихтың барлық кезеңдерінде бейбіт өмір сүрді дей алмаймыз. Тарихи деректер көрсетіп отырғандай, діни сенім аясында қақтығыстар мен түсініспеушіліктер жиі орын алды. Әр дін өкілдеріне өздеріне тән Қасиетті кітаптарындағы әрбір жазу, әрбір сөйлем қасиетті болғандықтан, басқа дін өкілдерін түсіну мен мойындау қиынға соқты. Тарихтың небір сындарлы кезеңдерінде дін өкілдерін бір үстел басына жинау әрекеттері орын алғаны белгілі. Орта ғасырларда мәжбүрліктен туындаған теологиялық дискуссиялар да ұйымдастырылды. Дегенмен мұндай дискуссияларда әрбір дін өкілі өзінің дінінің артықшылығын, үстемдігін көрсетуге бой алдыру салдарынан, диалог қағидаттарына қайшы келді. Әрине, осындай мәжіліс-жиындардан кейін онсыз да ұшығып тұрған жағдай шиеленісе түсіп отырды. Ал бүгінгі күнгі дінаралық диалогтың басты басымдылығы ретінде алдыңғы орынға сыйластық, түсіністік және толеранттық шығарылады. ХІХ ғасырдың аяғында бастау алған дінаралық сұхбат ХХ ғасырда жалғасын тауып, түрлі дін өкілдері ара-тұра жиналып, маңызды мәселелерді шешті. ХХІ ғасырда бұл жауапты, тарихи ауқымды іс-шараны белсенді дамыту мақсатындағы батыл бастаманы Қазақстан өз мойнына алды.

Қазақстанда Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезінің өтуі – Қазақстанның мәдениеттер диалогы мен өркениет дамуындағы жаһандық және аймақтық қауіпсіздікті қолдау механизмдерінің бір түріне қосқан нақты үлесі. Осы орайда арнайы Астана қаласында съездердің өтуі үшін Бейбітшілік пен келісім сарайы салынуы жоғарыда айтылған ойлардың дәлелі болып табылады.

Қоғамдағы татулықты, бірлікті нығайту диалог арқылы жүзеге асады. Диалогта қаралған мәселелер, шешімдер оң нәтижесін беруде. Себебі, әр діни қоғам өкілдері өз діни көшбасшыларын қадірлейді және сөздеріне құлақ түреді. Сондықтан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының басын қосып, келелі мәселелерді талқыға салу – бірден-бір дұрыс шешім.

Әлемнің барша мемлекетінің басын қосқан Қазақстанның жаһандық масштабтағы жиындары тек біздің өңірде, Орта Азия өңірінде ғана емес, әлемдегі тыныштық пен бейбітшілікті сақтауға өз үлесін қосып отырғанын мойындайтыны да сондықтан.

Дінаралық келісім және сұхбаттастық - әлемдік және дәстүрлі діндердің негізгі ұстанымдары екендігін іс жүзінде көрсетіп отырған қазақ елінің ұлттық құндылықтарында төзімділік және бауырмашылдық айрықша орын алды.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Оспанбаева М.П., Абдрахманова А.Т. Конфликтология. – Тараз: М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, 2012, 2012. – 92 б.

2. Ахметова Л.С., Веревкин А.В., Лифанова Т.Ю. Терроризм и экстремизм: история, теория и практика вопроса. – Астана, 2011. – 204 с.

3. Сатершинов Б., Оқан С. Дүниежүзілік және дәстүрлі діндер съезі – дінаралық сұхбаттың қазақстандық үлгісі / Дүниежүзілік және дәстүрлі діндер съезі – дінаралық сұхбаттың қазақстандық үлгісі | Жаңалықтар | Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты сақтау жөніндегі Н.Назарбаев орталығы (religions-congress.org) (қарау күні 15.09.2021)

ӘОЖ 902/904

САКРАЛДЫ ЕСКЕРТКІШТЕР – СЫР ЕЛІНІҢ АСЫЛ МҰРАСЫ

Абдулла Нұрдана Мұратқызы

muratkyzy_666@mail.ru

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Гуманитарлық-педагогикалық институты